



## Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті түрде қайта құру ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі басқармасының 2001 жылғы 3 наурыздағы N 54 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 23 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1475. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 54 қаулысымен.

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.02.24 № 54 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы N 126-II ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасы қаулы етеді:

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті түрде қайта құру ережесі бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне е н г і з і л с і н .

2. Сақтандыруды қадағалау департаменті (Құрманов Ж.Б.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті түрде қайта құру ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті түрде қайта құру ережесі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына ж і б е р с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

*Төрағасы*

Қ а з а қ с т а н  
Ұ л т т ы қ

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
б а н к і                      б а с қ а р м а с ы н ы ң

## **Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті түрде қайта құру ережесі**

Осы Ереже "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы N 126-II Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң ) және Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды қайта құру тәртібін реттейтін басқа нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын (бұдан әрі - сақтандыру ұйымы) ерікті түрде қайта құру ерекшеліктерін белгілейді.

1. Сақтандыру ұйымын ерікті түрде қайта құру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның (бұдан әрі - уәкілетті сақтандыру органы) рұқсаты болса, акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Сақтандыру ұйымын ерікті түрде қайта құруға рұқсат алуға арналған өтініш (бұдан әрі - сақтандыру ұйымының өтініші) осы Ережеде келтірілген нысан бойынша жасалады және уәкілетті мемлекеттік органға беріледі.

3. Сақтандыру ұйымының өтінішіне мынадай құжаттар:

1) сақтандыру ұйымының уәкілетті органының өтпелі кезеңде сақтандыру ұйымының қызметін басқару тәртібі келтірілген ерікті түрде қайта құру туралы ш е ш і м і ;

2) осы Ереженің тиісті талаптарына сәйкес келетін ерікті түрде қайта құру жөнiндегi i с - ш а р а л а р ж о с п а р ы ;

3) осы Ереженің тиісті талаптарына сәйкес келетін және сақтандыру ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілген сақтандыру ұйымдарының болжамдық (есептік) балансымен қоса, ерікті түрде қайта құру зардаптарына қаржы болжамдары қоса берілуі тиіс.

4. Сақтандыру ұйымының қайта құру жөнiндегi i с - ш а р а л а р ж о с п а р ы н а :

1) сақтандыру ұйымын ерікті түрде қайта құру мерзімі;

2) қайта құру туралы сақтанушылар мен өзге де кредиторларға хабарлау т ә р т і б і ;

3) ерікті түрде қайта құрылатын сақтандыру ұйымының сақтанушылар және өзге де кредиторлар алдындағы міндеттемелерін орындау мөлшері және мерзімі, с о н д а й - а қ т ә р т і б і ;

4) сақтандыру ұйымы беретін алдағы болатын қайта құрудың ерекшеліктерін бейнелейтін б а с қ а д а а қ п а р а т к і р е д і .

**Ескерту: 4-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 525 қаулысымен.**

5. Өз еркімен қайта құрудың зардаптарына жасалған қаржы болжамдарында мынадай деректер болуы тиіс:

- 1) жоспарланған ерікті түрде қайта құруға экономикалық негіздеме;
- 2) сақтандыру ұйымын (ұйымдарын) қайта құру нәтижесінде жасалатын болжамдық (есептік) баланс;
- 3) нақты сақтандыру кластарын (түрлерін) көрсете отырып, сақтандыру сыйлықақыларының, сақтандыру резервтерінің жоспарланып отырған көлемінің экономикалық негізделген есебі.

Сақтандыру ұйымы ерікті түрде қайта құрылу нәтижесінде жасалған болжау (есептік) баланс Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2467 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25-шілдедегі N 241 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің қаржылық есебін ұсыну тізбесі, нысаны және мерзімі туралы Нұсқаулықтың 1-қосымшасының 1-нысаны бойынша ұсынылады.

**Ескерту: 5-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 525 қаулысымен, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 304 қаулысымен.**

5-1. Сақтандыру ұйымы сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығы жоқ заңды тұлға болып ерікті түрде қайта құрылған жағдайда өтінішке:

- 1) осы Ереженің 3-тармағының 1), 2) тармақшаларында көзделген құжаттар;
- 2) сақтандыру ұйымының уәкілетті органы ерікті түрде қайта құру туралы шешім қабылдаған күнгі жай-күйі бойынша бұрынғы жасалған сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелердің болуын (жоқ екендігін) растайтын аудиторлық қорытынды;

3) қолданылып жүрген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары болған кезде - өзге сақтандыру ұйымының ерікті түрде қайта құрылатын сақтандыру ұйымының қолданылып жүрген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелерін қабылдау ниеті туралы, қабылданатын міндеттемелер көлемін көрсете отырып жасалған жазбаша растау.

**Ескерту: 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 525 қаулысымен.**

6. Уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру ұйымының өтінішін сақтандыру ұйымын ерікті түрде қайта құруға арналған құжаттардың толық топтамасы түскен күннен бастап бір айдың ішінде қарауы тиіс.

7. Уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру ұйымы берген құжаттар топтамасын қарау нәтижелері бойынша осы Ережеде белгіленген мерзімде сақтандыру ұйымын ерікті түрде қайта құруға арналған құжаттардың толық топтамасын беруге рұқсат беру туралы және рұқсат беруден бас тарту жөнінде шешім қабылдайды.

8. Уәкілетті мемлекеттік орган Заңның 63-бабында көзделген негіздемелер бойынша сақтандыру ұйымын ерікті түрде қайта құруға рұқсат беруден бас т а р т а д ы .

Уәкілетті мемлекеттік орган өтініш берушіге сақтандыру ұйымдарын ерікті түрде қайта құруға рұқсат беруден бас тарту негіздемесін көрсете отырып жазбаша хабарлайды.

9. Сақтандыру ұйымы уәкілетті мемлекеттік органның ерікті қайта құруды жүргізуге берген рұқсатын алғаннан кейін, он төрт күнтізбелік күн ішінде өзінің барлық сақтанушыларына және өзге де кредиторларына алдағы болатын қайта құру туралы жазбаша хабарлайды және тиісті хабарландыруды республикалық е к і г а з е т к е ж а р и я л а й д ы .

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 184 ( мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

10. Алдағы болатын қайта құру туралы хабарландыруда мынадай ақпарат б о л у ы т и і с :

1) сақтандыру ұйымын қайта құру туралы акционерлердің жалпы жиналысында шешім қабылданған күн;

2) уәкілетті мемлекеттік органның ерікті түрде қайта құруға рұқсат беру туралы шешім қабылданған күн;

3) сақтандыру ұйымын қайта құруды жүргізудің себептері мен нысаны т у р а л ы м ә л і м е т т е р ;

4) ерікті түрде қайта құруға уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатын алған кездегі қайта құрылатын сақтандыру ұйымының қаржылық жай-күйі туралы ж а л п ы м ә л і м е т т е р .

Сақтандыру ұйымын қайта құру туралы хабарламаларға қайта құрылатын сақтандыру ұйымының олармен жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарына қатысты міндеттемелерін қайта құрылатын сақтандыру ұйымының құқықтық мұрагері болып табылатын сақтандыру ұйымына беруге келісім беру туралы өтінішінің үлгісін қоса беруі тиіс. Сақтанушы (қайта сақтанушы) көрсетілген өтінішті жасауы, қол қоюы және осы Ережеде белгіленген мерзімде сақтандыру ұйымына қайтаруы тиіс.

11. Қайта құрылатын сақтандыру ұйымы сақтанушының (қайта сақтанушының) өтінішін алмаған жағдайда, қайта құру туралы хабарламаны жіберген күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде қайта құрылатын сақтандыру ұйымы осындай сақтанушылармен (қайта сақтанушылармен) жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарына қатысты құқықтық мұрагерін мынадай тәртіппен өз бетінше белгілеуге құқылы:

1) сақтандыру ұйымдарын біріктірген кезде - сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер өткізу актісіне сәйкес қайта құрылған сақтандыру ұйымына беріледі;

2) бір сақтандыру ұйымын басқа сақтандыру ұйымына қосқан кезде - сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер өткізу актісіне сәйкес басқа сақтандыру ұйымы қосылатын сақтандыру ұйымына беріледі;

3) сақтандыру ұйымын бөлген кезде - сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер бөлу балансына сәйкес қайта туындаған сақтандыру ұйымына беріледі.

Осыған орай сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер өздеріне көшкен сақтандыру ұйымы (ұйымдары) бөлу балансы бекітілген күннен бастап жеті күнтізбелік күн ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша оның міндеттемелерін өткізу туралы сақтанушыға (қайта сақтанушыға) хабарлайды;

4) бір сақтандыру ұйымын басқа сақтандыру ұйымынан бөліп шығарған кезде - сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер сақтанушымен (қайта сақтанушымен) тиісті сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын бұрын жасасқан сақтандыру ұйымында қалады;

5) сақтандыру ұйымын қайта құрған кезде - сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер ерікті түрде қайта құрылатын сақтандыру ұйымының қолданылып жүрген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелерді қабылдау ниеті бар өзге сақтандыру ұйымына өткізу актісіне сәйкес беріледі.

**Ескерту: 11-тармаққа өзгеру енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002.12.29 N 525, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 184 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

11-1. Сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер көшетін сақтандыру ұйымдары өткізу актісі (бөлу балансы) бекітілген күннен бастап бір апта мерзімде сақтанушыларға, қайта сақтанушыларға ерікті түрде қайта құрылатын сақтандыру ұйымымен жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру

) шарттары бойынша міндеттемелерді қабылдағаны туралы хабарлайды.

Ескерту: 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002.12.29 N 525 қаулысымен.

11-2. Ерікті түрде қайта құрылатын сақтандыру ұйымы ай сайын есептіден кейінгі айдың он бесіне дейінгі мерзімде уәкілетті мемлекеттік органға іс-шаралар жоспарын орындағаны туралы хабарлайды.

Ескерту: 11-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002.12.29 N 525, өзгеру енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 184 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

12. Өткізу актісі (бөлу балансы) мен сақтандыру ұйымының жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша өз міндеттемелерін басқа сақтандыру ұйымына беруін не мұндай міндеттемелердің жоқ екендігін растайтын құжаттар сақтандыру ұйымының уәкілетті органы оларды бекіткен күннен бастап жеті күнтізбелік күн ішінде уәкілетті мемлекеттік органға беріледі

Ескерту. 12-тармаққа өзгеру енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 184 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Кредиторлардың шағымдарын беру үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімінің аяқталуы бойынша сақтандыру ұйымы мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту үшін әділет органдарына өтініш б е р е д і .

Ескерту. 13-тармаққа өзгеру енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 184 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Сақтандыру ұйымын қайта құру нәтижесінде құрылған жаңа заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта ресімдеу) Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

15. Сақтандыру ұйымы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткен күннен бастап жеті күнтізбелік күннен кешіктірмей бұл жөнінде уәкілетті мемлекеттік органға хабарлайды.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеру енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 184 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Сақтандыру ұйымы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткен күннен бастап он төрт күнтізбелік күннен кешіктірмей уәкілетті мемлекеттік органға сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру (қайта ресімдеу) туралы өтініш береді.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгеру енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.12.27 № 184 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

17. Сақтандыру ұйымы уәкілетті мемлекеттік органның шешіміне Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен шағым жасай алады.

18. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешіледі.

*Төраға*

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2001 жылғы 3 наурыздағы  
N 54 қаулысымен бекітілген  
Сақтандыру (қайта сақтандыру)  
ұйымдарын ерікті түрде қайта  
құру ережесіне қосымша

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау жөніндегі  
агенттігінің Төрағасына

**Ескерту: Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 304 қаулысымен.**

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын  
ерікті түрде қайта құруға рұқсат алуға  
ӨТІНІШ**

\_\_\_\_\_ (өтініш берушінің атауы)  
\_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ акционерлердің жалпы  
( ө т к і з і л е т і н о р н ы )  
жиналысының шешіміне сәйкес \_\_\_\_\_

(тұрған орнын көрсете отырып,

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының толық атауы көрсетілсін)

ерікті түрде қайта құруға рұқсат беруіңізді сұрайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, ерікті түрде қайта құруға рұқсат алу үшін берілген осы өтінішті ресімдеуге құқық берілген уәкілетті тұлға болып табылатындар

---

(уәкілетті адамның аты-жөні және аталған өкілеттікті

---

алуға негіздеме болып табылатын құжатқа сілтеме)

---

(уәкілетті адамның лауазымы және тұрған жері)

Құрылтайшылар өтінішпен қоса берілген құжаттардың дұрыс болуына  
т о л ы қ ж а у а п б е р е д і .

Қосымша: (жіберілетін құжаттардың толық тізімі, олардың әрқайсысы бойынша даналар мен парақ саны көрсетілсін):\_\_\_\_\_

---

(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атынан өтініш беруге уәкілетті адамның қолы, күні ұйым үшін - құжатты тіркеу номері)